

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 10 маусымдағы № 343-VI ҚРЗ.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-I, 49, 50-құжаттар; № 7-II, 53, 57-құжаттар; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 9, 17, 18, 21, 22-құжаттар; № 12, 34-құжат; № 14, 49, 50, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 114, 115-құжаттар; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 9, 27-құжат; № 10, 32-құжат; № 11, 36, 37-құжаттар; № 12, 39-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46, 49, 50-құжаттар; № 16, 53-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 23, 91-құжат; № 24, 93, 94-құжаттар; 2019 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 36, 37-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 19-20, 86-құжат; № 21-22, 90, 91-құжаттар; № 23, 99, 103, 106, 108-құжаттар; № 24-I, 118-құжат; № 24-II, 120, 122, 123, 127-құжаттар; 2020 жылғы 5 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан

Республикасының Заңы; 2020 жылғы 14 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 26 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 26 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 1 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақтар мен тыйым салынған аудандар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 29 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

445-1-бапта:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Лотерея операторының таратылған лотерея билеттері, түбіртектер немесе өзге де құжаттар, өткізілген лотерея билеттерінен, түбіртектерден немесе өзге де құжаттардан түскен түсім, төленген ұтыстар туралы ақпаратты жинау, қалыптастыру, сақтау және есепке алу жөніндегі талаптарды бұзуы, сол сияқты оны лотереялар және лотерея қызметі саласындағы уәкілетті органға бермеуі, уақтылы бермеуі не анық емес ақпарат беруі –

қызметін тоқтата тұрып, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бес жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

мынадай мазмұндағы алтыншы және жетінші бөліктермен толықтырылсын:

"6. Лотерея операторы болып табылмайтын тұлғаның лотерея өткізуі –

жеке тұлғаларға – бір жүз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – үш жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бес жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

7. Осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістер тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – екі жүз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жеті жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір мың, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді."

2. "Жарнама туралы" 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 174-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; № 16, 102-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 79, 82-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 14, 92-құжат; 2013 ж., № 8, 50-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 11-құжат; № 11, 65-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 44-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-II, 70-құжат; 2017 ж., № 15, 55-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37-құжат):

13-бап мынадай мазмұндағы 1-3-тармақпен толықтырылсын:

"1-3. Лотерея операторы және (немесе) лотерея операторымен жасалатын тапсырма шарты шеңберінде лотерея таратушылар (агенттері) орналастыратын жарнаманы қоспағанда, лотереяны жарнамалауға тыйым салынады."

3. "Лотереялар және лотерея қызметі туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 8-I, 61-құжат; 2019 ж., № 23, 99-құжат):

1) 1-бапта:

2) тармақшадағы "лотерея билеттерін, түбіртектерін немесе өзге де құжаттарды өткізу және (немесе) лотерея мөлшерлемелерін тіркеу" деген сөздер "лотерея билеттерін, түбіртектерді немесе өзге де құжаттарды тарату (өткізу)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "лотерея билеттерін, түбіртектерін немесе өзге де құжаттарды өткізгеннен және (немесе) лотерея мөлшерлемелерін тіркегеннен" деген сөздер "лотерея билеттері, түбіртектер немесе өзге де құжаттар таратылғаннан (өткізілгеннен)" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "қабылданған лотерея мөлшерлемелерін тіркеуге, таратылған лотерея билеттері, түбіртектер немесе өзге де құжаттар, тіркелген лотерея мөлшерлемелері" деген сөздер "таратылған (өткізілген) лотерея билеттері, түбіртектер немесе өзге де құжаттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшадағы "лотерея билеттері, түбіртектер немесе өзге де құжаттар, тіркелген лотерея мөлшерлемелері туралы" деген сөздер "(өткізілген) лотерея билеттері, түбіртектер немесе өзге де құжаттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) тармақша алып тасталсын;

14) тармақшадағы "тарату мен" деген сөздер "таратуды (өткізуді) және" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) лотерея таратушы (агенті) – сыйақы үшін лотерея билеттерін, түбіртектерді немесе өзге де құжаттарды таратуды (өткізуді), ұтыс шыққан лотерея билеттерін, түбіртектерді немесе өзге де құжаттарды тексеруді, сондай-ақ лотерея операторы атынан және есебінен ұтыстар төлеуді жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;"

15) тармақшадағы "лотерея мөлшерлемелерін қабылдауға (лотерея комбинацияларын таңдауға не енгізуге) және (немесе)" деген сөздер алып тасталсын;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) мезеттік лотерея – ұтыстарды анықтауға мүмкіндік беретін нышандар (жазбалар, сандар, белгілер, суреттер) жиынтығы лотерея билеттеріне, түбіртектерге немесе өзге де құжаттарға дайындау сатысында және олар лотереяға қатысушылар арасында таратылғанға (өткізілгенге) дейін салынатын лотерея түрі. Мезеттік лотереяны өткізу кезінде мұндай лотереяға қатысушы лотерея билеті, түбіртек немесе өзге де құжат ақысы төленгеннен кейін және лотерея билеті, түбіртек немесе өзге де құжат берілгеннен (ресімделгеннен) кейін тікелей өз ұтысының бар екенін және мөлшерін немесе оның жоқ екенін анықтайды;"

17) тармақшадағы "өткізілген лотерея билеттерінің, түбіртектердің немесе өзге де құжаттардың, тіркелген лотерея мөлшерлемелерінің" деген сөздер "таратылған (өткізілген) лотерея билеттерінің, түбіртектердің немесе өзге де құжаттардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) тармақшадағы "лотерея билеттері, түбіртектер немесе өзге де құжаттар өткізілгеннен және (немесе) лотерея мөлшерлемелері тіркелгеннен" деген сөздер "лотерея билеттері, түбіртектер немесе өзге де құжаттар таратылғаннан (өткізілгеннен)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-бапта:

1-тармақтағы ", лотерея мөлшерлемесін" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтағы ", лотерея мөлшерлемелерін қабылдауды және тіркеуді" деген сөздер алып тасталсын;

3) 5-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Лотерея түрлері және оларды өткізу ерекшеліктері";

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген лотерея түрлері оларды өткізу аумағына және технологиясына, сондай-ақ жұлде қорын қалыптастыру тәсіліне қарай бөлінуі мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Лотереяларды өткізу ерекшеліктері лотереялар өткізу қағидаларында айқындалады.";

2-тармақтағы "Осы Заңда" деген сөздер "Қазақстан Республикасының лотереялар және лотерея қызметі туралы заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Лотерея операторы немесе лотерея таратушы (агенті) болып табылмайтын тұлғаның лотерея билеттерін, түбіртектерді немесе өзге де құжаттарды таратуына (өткізуіне) тыйым салынады.";

4) 7-бапта:

3) тармақша "әзірлейді және" деген сөздерден кейін "кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) лотереялар өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

5) 8-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі "лотерея билеттері, түбіртектер немесе өзге де құжаттар, тіркелген лотерея мөлшерлемелері" және "ойын ұтыстары" деген сөздер тиісінше "(өткізілген) лотерея билеттері, түбіртектер немесе өзге де құжаттар" және "ұтыстар" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) мынадай мазмұндағы 8-1-баппен толықтырылсын:

"8-1-бап. Лотерея таратушы (агенті)

Лотерея таратушы (агенті) өз қызметін лотерея операторымен жасалатын тапсырма шарты негізінде жүзеге асырады.

Тапсырма шарты осы Заңда және лотереялар өткізу қағидаларында көзделген лотерея тарату (өткізу) жөніндегі ерекшеліктермен Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалады.";

7) 9-баптың 5-тармағындағы "лотерея мөлшерлемесін қабылдауды және тіркеуді қамтамасыз етпеуге тиіс, сондай-ақ" деген сөздер алып тасталсын;

8) 10-баптың 2-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) лотерея өткізу тәсілінің, аумағының және технологиясының, сондай-ақ жүлде қорын қалыптастыру тәсілінің көрсетілуін;"

10) тармақшадағы ", лотерея мөлшерлемелерін қабылдау мен тіркеу" деген сөздер алып тасталсын;

11) тармақшадағы "(лотерея мөлшерлемелерінің мөлшерін)" деген сөздер алып тасталсын;

9) 11-баптың 1-тармағындағы "өткізілген лотерея билеттерінен, түбіртектерден немесе өзге де құжаттардан, нақты лотереяның тіркелген лотерея мөлшерлемелерінен түскен түсімнің кемінде елу пайызы мөлшерінде" деген сөздер "нақты лотереяның

өткізілген лотерея билеттерінен, түбіртектерінен немесе өзге де құжаттарынан түскен түсімнің кемінде елу пайызы мөлшерінде не өз қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 12-бапта:

1-тармақтың бірінші абзацындағы "Лотерея" деген сөз "Электрондық нысанын қоспағанда, лотерея" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Лотерея билеттерінің, түбіртектердің немесе өзге де құжаттардың электрондық нысанында мынадай міндетті ақпарат:

1) лотерея операторының атауы;

2) лотерея билетінің, түбіртектің немесе өзге де құжаттың нөмірі;

3) лотерея билетінің, түбіртектің немесе өзге де құжаттың бағасы;

4) лотерея операторының орналасқан жері, телефон нөмірлері және интернет-ресурсы, лотереяның атауы, тираждың нөмірі немесе атауы (тираждық лотереялар үшін), жүлде қорының ұтыс ойынын өткізу күні мен орны (тираждық лотерея үшін), ұтысты алу орны мен мерзімдері, жүлде қорының мөлшері туралы кеңейтілген ақпаратқа қол жеткізуге сілтеме қамтылуға тиіс.";

11) 13-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігі "құрады" деген сөзден кейін ", ол өз қызметін осы Заңға және лотереялар өткізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырады" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тираждық комиссияның міндеттері:

1) лотерея өткізу шарттарының Қазақстан Республикасының лотереялар және лотерея қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін растау;

2) тираждың ұтыс ойынына қатысатын лотерея билеттерінің, түбіртектердің немесе өзге де құжаттардың санын растау;

3) тираждық комиссия мүшелерінің тираждық комиссия хаттамасына және тиражды өткізу нәтижелерінің ресми кестесіне қол қою арқылы тиражды өткізу нәтижелерін растау.

Тираждық комиссия хаттамасына және тиражды өткізу нәтижелерінің ресми кестесіне тираждың ұтыс ойыны өткізілген датадан бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қол қойылады.";

6-тармақтағы "Жүлде қорының әрбір ұтыс ойынын және лотерея билеттері, түбіртектер немесе өзге де құжаттар, тираждық лотереяның тіркелген лотерея мөлшерлемелері" деген сөздер "Тираждық лотереяның жүлде қорының әрбір ұтыс ойынының және лотерея билеттері, түбіртектері немесе өзге де құжаттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 14-баптағы ", тіркелген лотерея мөлшерлемелерінен" деген сөздер алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК